

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өнер, медиа және дизайн факультеті
Журналистика кафедрасы
Журналистика және ақпарат даярлау бағыты бойынша академиялық комитет
мәжілісінің
№1 хаттамасы

Түркістан қаласы

21 қазан 2025 жыл

Қатысқандар: Сәдібеков А. - АК төрағасы, PhD, доцент м.а., Баешова Б. – Журналистика кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент м.а., Сердәлі Б. - ф.ғ.к., профессор, Тәшімова Ә. - аға оқытушы, Тәжібаев Ғ. - аға оқытушы, Дәулетов М. - «Түркістан» газетінің директоры, Канеш М. – «6B03239-Журналистика» ББ студенті, Маккан А. - «6B03279 Сандық медиа және телерадиожурналистика студенті» ББ студенті.

Күн тәртібінде:

1. Академиялық комитет құрамын жасақтау, АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2025-2026 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, талқылау, бекітуге ұсыну
2. 2024-2029 жылдарға арналған ББ даму жоспарындағы 2025-2026 жылға жоспарланған индикаторлардың орындалуын қадағалау
3. Аккредитациядан өткен ББ бойынша постмониторинг есебін әзірлеу
4. Қыркүйек, қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша «Журналистика және ақпарат даярлау» бағыты бойынша **АК төрағасы PhD доцент м.а. А.Сәдібеков** сөз алып Академиялық комитет (АК) жұмысын ұйымдастыру бойынша негізгі жұмыстарды хабарлады.

Төраға комитеттің жаңа мүшелерін таныстырды. Жанартылған құрамға алдағы жұмыстарда сәттілік тілеп, ұсыныстарын тыңдады. Қатысушылар Академиялық комитеттің құрылымын қарап, ұсынылған кандидатураларды талқылады. Барлық ұсынылған мүшелердің кәсіби біліктілігі, пәндік құзыреттілігі және тәжірибесі комитет жұмысының сапалы орындалуына мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Сонымен қатар, 2025–2026 оқу жылына арналған Академиялық комитеттің жұмыс жоспары таныстырылды. Жоспарда білім беру бағдарламаларын жетілдіру, оқу-әдістемелік құжаттарды сараптау, академиялық сапаны қамтамасыз ету және мониторингтік жұмыстар қарастырылған. Талқылау қорытындысы бойынша жұмыс жоспарын толықтыру және оны бекітуге ұсыну туралы шешім қабылданды.

Отырыстың келесі мәселесі бойынша 2024–2029 жылдарға арналған білім беру бағдарламасының даму жоспарының 2025–2026 жылға жоспарланған индикаторларының орындалу барысы талқыланды. **Кафедра меңгерушісі Б.Баешова** алға қойылған жоспарлы индикаторлар бойынша жұмысты жетілдіруді сөз етті. Атқарылған жұмыстар туралы ақпарат берді. Бірқатар индикаторлар жоспарға сәйкес орындалып жатқанын айта келіп, кейбір бағыттарда қосымша шаралар қажет екенін ортаға салды. Комитет мүшелері индикаторлардың орындалуын жүйелі қадағалау, деректерді уақытылы енгізу және талдау сапасын арттыру бойынша ұсыныстар айтты.

Аккредитациядан өткен «6B03279-Сандық медиа және телерадиожурналистика» білім беру бағдарламасы бойынша Аккредитация ескертпесі 4 және 7 стандарт бойынша

берілді. Білім беру бағдарламасы бойынша кәсіби бағдар жұмысы жандандырылды. Аталмыш ББ ға 2024-2025 жылы 29 студент қабылданды. Жоғарыдағы мәселеге орай берілген мәліметтердің постмониторинг есебі тыңдалды.

Қыркүйек–қазан айларында атқарылған іс-шаралар туралы ақпарат ұсынылды. Аналитикалық мәліметтер негізінде академиялық үдерістердің оң нәтижелері және түзетуді қажет ететін тұстар талданды. Комитет мүшелері оқу сапасына әсер ететін факторларды талқылап, тиімді ұсыныстар енгізді.

Шешім:

1. Академиялық комитет құрамы қайта жасақталып, АК жұмысын тиімді ұйымдастырудың 2025–2026 оқу жылына арналған жоспары бекітілсін.
2. 2024-2029 жылдарға арналған ББ даму жоспарындағы 2025-2026 жылға жоспарланған индикаторлардың орындалуын ай сайын мониторингтеу ісі жүргізілсін.
3. Постмониторинг есебі үлгіге сәйкес дайындалып, белгіленген мерзімде ұсынылсын.
4. Қыркүйек–қазан айларындағы жұмыстар бойынша қорытынды есеп қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшысы



А.Сәдібеков

Ә.Тәшімова